

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы**

« 7 » 07 2023ж.

Қатысқандар:

Кеңес мүшелері:

М.Ж.Адамина- кеңес төрағасы

Э.О.Біржікен- кеңес хатшысы

Ш.Ш.Когабаева- кеңес мүшесі

Е.Р.Кирбасов –кеңес мүшесі

К.Н.Бисенов –кеңес мүшесі

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этикалық нормаларды сақтау.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға педагогтерді тарту
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі химия пәнінің мұғалімі Канат Назарбаевич Бейсенов тыңдалды.

Ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Біздің мектебімізде өрескел жағдайлар орын алған емес, бірақ әдеп нормасын бұзушылықты болдырмау, алдын-алу шарасы ретінде ескерту айту жөн деп ойлаймын. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек.

Сөз сөйледі:

М.Ж.Адамина:

Осы орайда жас мамандарымызға алдын-алу шарасы ретінде түсіндірме жұмыстарын жүргізе кеткеніміз өте дұрыс шешім деп ойлаймын. Ұстаз киімі мен жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі әдептіліктен тұруы қажет. Мұғалім өз қызметіне адал, кәсібіне берік болуы қажет. Әлеуметтік желіде де ұстаз сол ұстаз қалпында қалғаны жөн. Ерсі фотосуреттер мен қоғамға қажеті жоқ фото жариялау, сол арқылы халық назарын аудару ұстазға тән қасиет емес. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі.

Е.Р.Кирбасов:

Ұстаз әрқашан ұстаз қалпында қалуы қажет, сырт келбеті, өзін-өзі ұстауы шәкірттерге үлгі болуы тиіс. Сол себепті де жоғарыда айтылған әріптестер сөзіне толықтай қосыламын. Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты

жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Қаулы етті:

Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті үнемі назарға алынсын. Аталған сұрақ педагогтердің үнемі назарына алынсын және бұзушылыққа жол берілмеуі бақылауға алынсын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық кеңес төрағасы Мархабат Жагиппаровна Адамина тыңдалды:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар мектебімізде жиі ұйымдастырылып тұрады. Аталған іс-шара педагогтерге өз жұмысына адал болуға, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге септігін тигізері анық. Мектеп педагогтерімен ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының баптары түсіндіріліп, «адалдық», «адалдық құндылықтары» терминдерінің мағыналары ашылды. Педагогтер қоғамдық мүдделер жеке мүдделерден жоғары болуы керек, әдептілік пен адалдықтың жоқтығы (әсіресе параға бейімділік), әділетсіз басымдылыққа жету үшін қызметтік жағдайын пайдалану сыбайластық тудырады деген түсінікке назар аударды.

Сөз сөйледі:

К.Н.Бисенов:

Мектебіміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі бағыттағы іс-шараларға мектеп мұғалімдері белсене қатысып тұрады. Адалдық сағаттары, дөңгелек үстел, ақпараттық-түсіндірме жұмыстары тағы да басқа іс-шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыруда және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне теріс көзқарасты қалыптастыруда маңызды тәрбиелік мәнге ие болады. Ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізіліп тұрады. Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады.

Қорытындылай келе айтарым, мектеп педагогтерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдастырылатын іс-шараларға барынша көбірек қатыстыру педагогтің өзіне де, өзін қоршаған ортаға да адалдық сезімін арттыра түсері анық.

Е.Р.Кирбасов:

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Барлығымыз жұмылып осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды бірлесіп атқарайық.

Қаулы етті:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға мектеп педагогтері кеңінен тартылсын.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша зейнеткер ұстаз Гулзира Избаскановна Жайлыбаева тыңдалды.

«Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Сөз сөйледі:

К.Н.Бисенов:

Педагог сөйлеу мәдениетін сақтана отырып, педагогикалық әдепті үнемі сақтап жүруі керек. Әдеп сақтай отырып, оқушыларға, жан-жағын қоршаған ортаға үлгі болары анық. Егер мұғалім өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз оқытып отырған адамдар сыныпқа қызығушылық танытады, сонда ғана олар ұстаздарын есте сақтап, бағалап құрметтейді.


Ш.Ш.Козабаева:

Педагогикалық әдептің ерекшеліктері: ұстаздың кәсіби мінез-құлығындағы, іс-әрекетіндегі өлшем, ықпал етудегі және өзара әрекеттесудегі әдістерді, түрлерді, тәсілдерді таңдау өлшемі болып табылады. Әдептілік - педагогтың мінез-құлығындағы ерекшелікке айналу керек деп ойлаймын. Осылайша, педагогикалық әдепті үнемі қамтамасыз ету арқылы, педагог өз мәртебесін сай бола алады.

Қаулы етті:


Ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Хатшы:



Э.О.Біржікен

Төраға:



М.Ж.Адамина

Нөмірленген және баумен байланған
2 (44) бет
Педагогикалық кеңес төрағасы

Арашев

М.Ж. Адамбаева